

Глоссарий

Автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйе – компьютерлік технология және арнайы құрастырылған бағдарламалар негізінде жасалған ақпараттарды өңдеу, сақтау, іздеу жүйесі

Ақпараттарды жеткізу – ақпараттық талап-тілектерге сәйкес құжаттарды, солар туралы мәліметтерді, дәлелдерді іздестіріп мекен-жай бойынша жеткізу.

Ақпараттандыру – ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізінде электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс.

Ақпараттық іздестіру – ақпараттық талап тілектерге сәйкес құжаттарды, солар туралы мәліметтерді, дәлелдерді іздестіру.

Ақпараттық іздестіру тілі – одан ары қарай жалғастырып іздестіру мақсатында, талап тілектер мазмұнын білдіру немесе дәлелдерді сипаттауға арналған жасанды тіл.

Ақпараттық қажеттілік – ғылыми немесе тәжірибелік міндеттерді шешудегі ақпараттар.

Ақпараттық процестер – электрондық ақпараттық ресурстарды ақпараттық технологияларды пайдалана отырып құру, жинау, өңдеу, сақтау, іздеу, беру, пайдалану, жинақтау, жеткізу және тарату процестері.

Ақпаратқа тұтынушы - ақпаратты алатын және пайдаанатын адам, ұжым немесе ұйым.

ВЕБ–САЙТ– ақпараттық–телекоммуникациялық желіде бір домендік атаумен біріктіріліген және ортақ навигациясы бар деректер мен бағдарламалық–техникалық құралдардың жиынтығы.

Виртуальды кітапхана – электронды басылымдар түріндегі ғылыми ақпарат қоры және «шетсіз» дерек базасы мен деректер жиынтығына кіруді қамтамасыз ететін телекоммуникациялары бар электронды кітапхана.

Ғылыми ақпарат қызметі – ғылыми техникалық ақпаратқа деген қажеттілікті қанағаттандыру жөніндегі халық шаруашылығы қызметінің саласы. Ғылыми ақпараттық қызмет ұғымына ғылыми техниклық хабарларды жинау, талдау, қорытып өңдеу, сақтау, іздестіру, тарату кіреді.

Деректер – сандық және басқа түрде берілген мәліметтер, деректер, көрсеткіштер.

Деректер базасы – сақталатын деректердің құрылымының оларды өңдейтін бағдарламалардан тәуелсіздігін қамтамасыз ету, жады пайдалануды және қатынас құруды тиімді пайдалану үшін жасалған «жиынтық және көпшілік ұжым мүшелері пайдаланатын» деректер базасы.

Деректер жиынтығы –пайдаланушылардың электронды есептеуіш машинада ақпаратты өңдеу процестерін жүзеге асыруына, лингвистикалық және бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған деректер базасының жиынтығы.

Индекстеу – нұсқатаңбалау. Ақпарат іздестіру тіліндегі құжаттың немесе тапсырыстың мазмұнын білдіретін процесс.

Инновация – кітапханаларда жүзеге асырылатын өнімдер мен қызметтердің қазіргі имиджін, қызмет көрсету сапасын, басқа кітапханалардың арасында бәсекелестік қабілеттілікті қолдау мен жетілдіруді қамтамасыз ететін технологияның басқарудың нысандары мен әдістерінің жаңартылуы.

Кітапханалық маркетинг –пайдаланушыға бағытталған басқару философиясы, кітапхана қызметтері нәтижелерін сыртқы әлеммен алмасу қатынасын реттеу тәсілдері болып табылады. Кітапхана ұсыныстары (өнімдері, қызметтері) кітапханалық акцияларды қоғамдық қолдану, кітапхананың қазіргі және жаңа имиджін (келбетін) нығайту мақсатында ақысыз алмастырылады.

Мәліметтер базасы (дерек базалар) – сақталатын деректердің құрылымының оларды өңдейтін бағдарламалардан тәуелсіздігін қамтамасыз ету, жады пайдалануды және қатынас құруды тиімді пайдалану үшін жасалған (жиынтық және көпшілік ұжым мүшелері пайдаланатын деректер базасы).

Мультимедиа технологиялар – ақпараттарды дыбыс және қимыл түрінде әр – түрлі тасымалдағыштарға сақтап және керек себепте шығарып көрсететін технология.

Мультимедиа ресурсы – дыбысты және қимыл түрінде жинақталған ресурстар.

Электрондық ақпараттық ресурстар – электрондық түрде сақталатын, ақпараттық жүйелерде қамтылатын ақпарат.

Электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді қорғау – ақпаратты алу, көшірмесін түсіру, тарату, бұрмалау, жою немесе оны

кұрсаулау жөніндегі заңсыз іс-әрекеттерді қоса алғанда, электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді сақтауға, оларға заңсыз қол жеткізуді болғызбауға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешені.

Электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің меншік иесі – электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді иелену, пайдалану және оларға билік ету құқықтарын толық көлемде іске асыратын субъект.

Электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелердің мемлекеттік тіркелімі – электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелер сипаттамаларының жиынтығын қамтитын жүйеленген тізбе.

Электрондық әкімдік - жергілікті атқарушы органдардың электрондық қызметтер көрсетуді ұсыну жөніндегі жұмыс істеу тетігі.

Электрондық каталог – кітапхана оқырмандарына нақты уақыт аралығында жұмыс істейтін әрі машина арқылы оқылатын кітапхана каталогы.

Электрондық қызмет көрсету – ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жеке және заңды тұлғаларға ақпараттық, интерактивтік және транзакциялық қызмет көрсетуді ұсыну.

Электронды пошта – ЭЕМ желісін пайдаланушылар арасында хабарды жеткізу және оны сақтау құралы.

Электронды үкімет - мемлекеттік органдардың электрондық қызмет көрсетулерді ұсыну жөніндегі жұмыс істеу тетігі.

Электронды үкімет веб-порталы – «электрондық үкіметтің» барлық электрондық қызмет көрсетулері мен электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізудің біріңғай нүктесін беретін ақпараттық жүйе.

Электрондық үкімет иллюзі – электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру шеңберінде «электрондық үкімет» ақпараттық жүйелерін интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе.

